ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Битумдар және битумды тұтқырлар
ЖОЛДЫҚ ТҰТҚЫР МҰНАЙ БИТУМДАР
Техникалық шарттар

Битумы и битумные вяжущие
БИТУМЫ НЕФТЯНЫЕ ДОРОЖНЫЕ ВЯЗКИЕ
Технические условия

ҚР СТ 1373-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Битумдар және битумды тұтқырлар

ЖОЛДЫҚ ТҰТҚЫР МҰНАЙ БИТУМДАР

Техникалық шарттар

ҚР СТ 1373-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстанның жол ғылыми зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазЖолҒЗИ» АҚ) және ТК 42 «Автомобиль жолдары» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2013 жылғы 12 желтоқсандағы №556-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасы Заңдарының нормалары іске асырылған:

2001 ж. 17.07. №245-II «Автомобиль жолдары туралы», 2004. 09.11 №603-II «Техникалық реттеу туралы»,

Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері:

2008 ж 27.03 №294 «Автомобиль жолдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар», 2008 жылғы 31.03 №307 «Автомобиль жолдарын жобалау кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар», 2008 жылғы 31.12. №1331 «Жол құрылыс материалдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар»

Кеден одағының техникалық регламенті:

- 2011 жылғы 18.10. №827 КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі».

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2019 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 ҚР СТ 1373-2005 Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Жолдың мұнайлы тұтқыр битумдары. Техникалық шарттар **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен толықтырулар мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған немесе ауыстырылған (жойылған) жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланатын болады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

Кіріспе IV

1 Қолданылу саласы 1

2 Нормативтік сілтемелер 1

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар 2

4 Техникалық талаптар 3

5 Қауіпсіздік талаптары 3

6 Қоршаған ортаны қорғау талаптары 5

7 Қабылдау ережесі 5

8 Сынау әдістері 7

9 Орау, тасымалдау және сақтау 8

10 Дайындаушы кепілдіктері 8

А қосымшасы (міндетті). Битумдарды қолданудың ұсынылған салалары 9

Б қосымшасы (міндетті). Битум пенетрациясының индексін анықтау кестесі 10

В қосымшасы (міндетті) Табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігі 13

Г қосымшасы (міндетті). Зиянды заттардың шектік рұқсат етілген концентрациялары 14

Библиография 15

Кіріспе

Осы стандарт ҚР СТ 1373-2005 «Битум және битумдық тұтқырғыштар, жолдық тұтқыр мұнай битумдар. Техникалық шарттары» орнына әзірленген.

Стандартты қайта қарау кезінде халықаралық деңгейде, көбінесе Еуропалық елдер деңгейінде қабылданған талаптарға үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін битум маркаларын анықтауға тәсілдер өзгертілген. Бұл ретте көрсеткіштер бойынша осы маркалар үшін (сынғыштық температурасы, динамикалық тұтқырлық) Қазақстан Республикасының климаттық жағдайларына байлам жасалды, бұл республика аумағына басқа елдерден осы маркалы битумдарды енгізу кезінде сапа жөніндегі қажетті талаптарды қоюға мүмкіндік береді. Бұл ретте осы стандарттың талаптары Қазақстанның климаттық жағдайларына байланысты емес осы көрсеткіштер бойынша нақты маркалы битумның үйлесімділігін және танушылығын қамтамасыз етеді, және құрылыс өңірінің пайдалану шарттарына байланысты битумның әртүрлі маркаларын қолдануды өте дәл саралауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа осы стандарттың 1-кестесіне битум сапасының жаңа көрсеткіштері енгізілген (парафиндердің құрамы, қыздырудан кейін ескіруге битумның төзімділігінің қосымша көрсеткіштері: созылымдылығы және динамикалық тұтқырлықтың өсу коэффициенті), болуы жол соқпағының пайда болуына және сызаттың пайда болуына төзімділігін және жол жабынының беріктігін арттыру бөлігіндегі олардың құрылысы мен пайдалану кезінде автомобиль жолдарының қауіпсіздігінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Битумның ескіруге төзімділік көрсеткіштерінің құрамы тізбектелген (жұмсарту температурасының өзгерісінің көрсеткіші 163 °С кезінде қыздырудан кейін ескіруге битумдардың төзімділік көрсеткіштерінің бөліміне ауыстырылған).

Битумның қайтадан белгіленген маркаларына қойылатын нормативтік талаптарды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарының құрылысы мен жөндеуі кезінде битум сапасын бақылау жөніндегі жұмыс кезінде алынған нәтижелер ескерілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Битумдар және битумды тұтқырлар
ЖОЛДЫҚ ТҰТҚЫР МҰНАЙ БИТУМДАР
Техникалық шарттар

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт III-V жол климаттық аймақтар жағдайында жол жабындарын, көпірлерді және әуежайларды құрылысы, қайта құрастыру және жөндеу кезінде тұтқыр материал ретінде арналған жолдық тұтқыр мұнай битумдарға таралады.

Жолдық Тұтқыр мұнай битумдардың ұсынылған қолдану салалары А қосымшасында келтірілген.

Стандарт сәйкестігін растау мақсаттары үшін жарамды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026-2002 Сигнал түстер, қауіпсіздік белгілері және сигнал таңбалар. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1174–2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлер. Орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ 1210-2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Кинематикалық тұтқырлықты анықтау әдісі.

ҚР СТ 1211-2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Динамикалық тұтқырлықты анықтау әдісі.

ҚР СТ 1212-2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1224-2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Қыздырудың және ауа ортасының әсерімен ескіруге төзімділігін анықтау әдістері.

ҚР СТ 1226 - 2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Иненің сұғу тереңдігін анықтау әдісі.

ҚР СТ 1227 - 2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Сақина және шар әдісімен жұмсарту нүктесін анықтау.

ҚР СТ 1228-2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Ерігіштігін анықтау әдісі.

ҚР СТ 1229 - 2003 Битумдар және битум тұтқырлар. Фраас бойынша сынғыштық температурасын анықтау әдісі.

ҚР СТ 1230-2003 Мұнай битумдары. Парафин құрамын анықтау әдістері.

ҚР СТ 1288-2004 Битумдар және битум тұтқырлар. Сынау үшін сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау әдістері

ҚР СТ1374-2005 Битумдар және битум тұтқырлар. Созылуын анықтау әдісі.

ҚР СТ 1552-2006 Битумдар және битум тұтқырлар. Қыздырудан кейін салмақ өзгерісін анықтау әдістері

ҚР СТ 1804-2008 Битумдар және битум тұтқырлар. Ашық отбақырашта тұтану және жалындау температураларын анықтау әдістері.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағы ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптары.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.1.014-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ауа аймағының ауасы. Индикаторлық түтіктермен зиянды заттардың концентрацияларын өлшеу әдістері.

ГОСТ 12.1.044-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Заттар мен материалдардың өрт жарылыс қауіптілігі. Көрсеткіштер номенклатурасы және оларды анықтау әдістері.

ГОСТ 12.4.010-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жеке қорғау құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.013-85 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Қорғаныш көзілдіріктері. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.4.034-2001 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдары. Жіктеу және таңбалау.

ГОСТ 12.4.111-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мұнайдан және мұнай өнімдерінен қорғауға арналған ер адамдардың костюмдері. Техникалық шарттар

ГОСТ 12.4.112-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Мұнайдан және мұнай өнімдерінен қорғауға арналған әйел адамдардың костюмдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.137-2001 мұнайдан, мұнай өнімдерінен, қышқылдардан, сілтілерден, уытты емес жарылыс қауіпті шаңнан қорғау үшін теріден жасалған арнайы аяқ киім. Техникалық шарттар.

ГОСТ 15.309-98 Өнімді өндірісте әзірлеу және қою жүйесі. Шығарылатын өнімді сынау және қабылдау. Негізгі ережелер.

ГОСТ 17.1.3.05-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластанудан жер үсті және жер асты суларды қорғауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 17.2.3.01-86 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елді мекендердің ауа сапасын бақылау ережесі.

ГОСТ 17.2.3.02-78 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Өнеркәсіптік кәсіпорындардан зиянды заттардың рұқсат етілген шығарындыларын белгілеу ережесі.

ГОСТ 1510-84 Мұнай және мұнай өнімдері. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 19433-88 Қауіпті жүктер. Жіктеу және таңбалау.

ГОСТ 30108-94 Құрылыс материалдары мен бұйымдары. Табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігін анықтау.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3.1 Осы стандартта ҚР СТ 1212 бойынша терминдер қолданылады.

3.2 Осы стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

ЖМБ: Жолдық мұнай битумдар.

ШРК: Шектік рұқсат етілген концентрация.

ӘШҚД: Әсердің шамаланған қауіпсіз деңгейлері.

4 Техникалық талаптар

4.1 Жолдық тұтқыр мұнай битумдарды (бұдан әрі битумдар) белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық регламент бойынша осы стандарттың талаптарына сәйкес дайындайды.

Битумдарды мұнай қалдықтарын сольвентті өңдеу және мұнайды тура айдаудың қалдық өнімдерінің тотығу (асфальтсыздану асфальті, селективті тазарту сығындылары), сондай-ақ көрсетілген тотыққан және тотықпаған өнімдерді компаундтау жолымен дайындайды.

4.2 Сипаттамалар

4. 2.1 25 °С температурасы кезінде инені сұғу тереңдігіне байланысты битумдарды мынадай маркада дайындайды: БНД 130/200, БНД 100/130, БНД 70/100, БНД 50/70, БНД 35/50.

4.2.2 Физикалық-механикалық көрсеткіштер бойынша битумдар 1-кестеде көрсетілген талаптарға және нормаларға сәйкес келуге тиіс.

4.3 Таңбалау

4.3.1 Битумды таңбалау ГОСТ 1510 [1] талаптарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі және Кеден Одағы мемлекеттік мүшелердің нарығындағы бірыңғай белгі басылады;

4.3.2 Көлік ыдысына таңбалау кезінде қосымша басылады:

- знаки опасности по ГОСТ 19433 бойынша қауіптілік белгілері (9-класс, 9.2 тармақшасы, 1-санат, 9.2.1 жіктеу шифры);
- ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 бойынша жазбалар «Ашық отты пайдалануға және темекі шегуге тыйым салынады» (Г 02 белгісінің коды) және «Абайлаңыз. Ыстық бет» (белгі коды Д 25).

5 Қауіпсіздік талаптары

5.1 Битумдарды дайындау және қолдану кезінде [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9] қарастырылған қауіпсіздік техникасы ережелерін басшылыққа алу қажет.

5.2 Қолданылатын шикізаттағы табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігі [6] сәйкес В қосымшасында көрсетілген мәндерден аспауға тиіс.

5.3 Жұмыс аймағы ауасындағы шектік рұқсат етілген концентрациялар Г қосымшасында келтірілген нормативтерден аспауға тиіс.

5.4 ГОСТ 12.1.044-ке сәйкес битумдар ашық отбақырашта 220°С-тан кем емес температурада жанатын және 368°С-тан жоғары температурада өздігінен тұтанатын жанғыш заттар тобына жатады.

5.5 Битумдарды дайындау және қолдану кезінде ГОСТ 12.1.004, [4] сәйкес өртті болдырмауды және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өртке қарсы қорғау талаптарын сақтау қажет.

5.6 Қоспаны дайындау және сынау кезінде жол зертханаларында және зауыттарда қолданылатын өрт техникасы, оны орналастыру және қызмет көрсетуі [5] және ҚР СТ 1174 сәйкес келуге тиіс.

5.7 Битумды дайындау бойынша қондырғыдан 50 м радиуста ашық отты қолданумен немесе ұшқынның пайда болуын тудыратын жұмыстарды жүргізуге жол бермейді.

5.8 Битумның шамалы бөлігі тұтанған кезде құмның, киіздің, арнайы ұнтақтың, ОПУ-типті өрт сөндіргіштердің көмегімен отты сөндірген жөн. Битум төгілген үлкен аймақта өрт қаулап кеткен жағдайда– химиялық немесе әуе-механикалық көбікпен сөндіру керек.

5.9 Битумдарды пайдалану және қолдану жөніндегі жұмыстар жүргізілетін үй-жай санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуге тиіс,

1-кесте

Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Маркалы битумға арналған норма					Сынау әдісі
		БНД 130/200	БНД 100/130	БНД 70/100	БНД 50/70	БНД 35/50	
1 Иненің сұғу терендігі, мынадай температура кезінде 25 °С 0 °С, төмен емес	х 0,1 мм	131-200 40	101-130 30	71-100 22	51-70 18	36-50 14	ҚР СТ 1226
2 Сақина және шар бойынша жұмсарту температурасы, төмен емес	°С	40	43	45	50	53	ҚР СТ 1227
3 Температура кезінде созылыңқылығы, кем емес: 25 °С, 0 °С [1)]	см	- 6,0	90 4,0	75 3,8	65 3,5	50 -	ҚР СТ 1374
4 60 °С кезінде динамикалық тұтқырлық, кем емес	Па·с	80	120	145	250	300	ҚР СТ 1211
5 135 °С кезінде кинематикалық тұтқырлық, кем емес	мм²/с	135	180	250	300	370	ҚР СТ 1210
6 Тұтану температурасы, кем емес	°С	220	230	230	230	230	ҚР СТ 1804
7 Фраас бойынша сынғыштық температурасы, жоғары емес	°С	-24	-22	-20	-18	-15	ҚР СТ 1229
8 Пенетрация индексі		от -1,0 до +1,0					(Б қосымшасы)
9 Ерігіштік, кем емес	%	99,0	99,0	99,0	99,0	99,0	ҚР СТ 1228
10 Парафиндер мөлшері [1)], жоғары емес	%	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	ҚР СТ 1230
11 163 °С температурасы кезінде қыздырғаннан кейін ескіруге төзімділік: 11.1 Салмақ өзгерісі, артық емес	%	1,0	0,8	0,6	0,5	0,5	ҚР СТ 1224 ҚР СТ 1552 ҚР СТ 1224 ҚР СТ 1552
11.2 Бастапқыдан 25 °С кезінде иненің сұғу терендігі [1)], кем емес	%	45	50	60	65	70	ҚР СТ 1226
11.3 25 °С кезінде созылыңқылығы [1)], кем емес	см	100	80	50	42	40	ҚР СТ 1374
11.4 Жұмсарту температурасының өзгерісі, артық емес	°С	8	8	7	7	6	ҚР СТ 1227
11.5 60 °С [1)] кезінде динамикалық тұтқырлықтың өсу коэффициенті, артық емес	«-»	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	Осы стандарттың 8.2.4 бойынша

[1)] Өнімді жеткізуге арналған шартта және жобалық құжаттамадағы осы көрсеткіштерге арналған талаптар болмаған кезде сынау белгіленген көрсеткіштерді және олардың сандық мәндерін растау, түзету немесе алып тастау үшін жартыжылдың бір реттен жиі емес жүргізіледі.

ГОСТ 12.4.021 сәйкес сору-тарту желдеткішімен жабдықталуға тиіс және [2] және ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 сәйкес қауіпсіздік белгілерімен және сигнал түстерімен жабдықталуға тиіс.

5.10 Битумдарды өндіру кезінде бөлінетін булар теріге және көздің шырышты қабығына жергілікті тітіркендіретін әрекеті бар. Ыстық тұтқыр шашырандысынан күйіп қалу мүмкін. Битум теріге түскен кезде оны су ағынында ұстап салқындатады, вазелинмен немесе басқа ұқсас креммен сүртеді күю кезіндегі сияқты көмек көрсету керек.

5.11 Битум өндірісімен айналысатын тұлғалар жеке қорғау құралдары ГОСТ 12.4.111 және ГОСТ 12.4.112 бойынша костюмдермен, ГОСТ 12.4.137 бойынша аяқ киіммен, ГОСТ 12.4.034 бойынша қорғаныш көзілдіріктерімен немесе зиянды өндірістік факторлардан жұмыс істейтіндерді қорғауды қамтамасыз ететін басқа ұқсас жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

5.12 Қызмет көрсететін персонал қажетті санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етілуге тиіс.

5.13 Битум өндірісімен айналысатын тұлғалар алдын ала – жұмысқа орналасқан кезде және мерзімді – жұмыс процесінде белгіленген тәртіпте медициналық тексерістен өтуге тиіс.

6 Қоршаған ортаны қорғау талаптары

6.1 Битумдармен жұмыс кезінде ГОСТ 17.1.3.05, ГОСТ 17.2.3.02, [6], [7], [8], [9], [10] қарастырылған қоршаған ортаны қорғау шараларын басшылыққа алу қажет.

6.2 Битумдарды дайындау және қолдану кезінде жергілікті жердегі атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың шектің рұқсат етілген концентрациялары (ШРК) [9] сәйкес Г қосымшасында қарастырылған нормативтерден аспауға тиіс.

6.3 Ауада көмір тотығы, азот қос тотығы, күкірт қос тотығы және фенол, азот қос тотығы мен күкірт қос тотығы, күкірт қос тотығы мен фенолдың бірлесе болуы кезінде ауада олардың әрқайсысының нақты концентрацияларының олардың ШРК-не арақатынас жиынтығы [9] бойынша бірліктерден аспауға тиіс.

6.4 Битумдармен жұмыс кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар өндірістік жабдықты қымтаумен және төгілулерді болдырмау жөніндегі іс-шараларды іске асырумен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.5 Жолдың мұнайлы тұтқыр битумдарын төгіп алған жағдайда оны жедел құммен жауып, кейін арнайы бөлінген жерге шығарып тастау қажет.

6.6 Битум өнімдерінің қалдықтарын (тотығу газдарын) пеште жағу арқылы залалсыздандырады.

7 Қабылдау ережесі

7.1 Дайын битумды қабылдауды топтамалармен жүргізеді. Құрамы бойынша және сапа көрсеткіштері бойынша біртекті битумның кез келген саны топтама болып саналады.

7.2 ГОСТ 15.309 сәйкес битумның әр топтамасы мыналар көрсетілетін, мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделген сапа туралы құжатымен бірге жүреді:

- дайындаушы ел;
- дайындаушы кәсіпорынның атауы және заңды мекенжайы;
- құжат нөмірі және берілген күні;
- өнім атауы және оның маркасы;
- 25 °С және 0 °С температуралары кезінде иненің сұғу тереңдігі;
- сақина мен шар бойынша жұмсарту температурасы;
- 25 °С және 0 °С температуралары кезіндегі созылыңқылығы;
- Фраас бойынша сынғыштық температурасы;
- ашық отбақырашта тұтану температурасы;

- пенетрация индексі;
- 60 °С температурасы кезінде динамикалық тұтқырлық;
- 135 °С температурасы кезінде кинематикалық тұтқырлық;
- ерігіштік;
- парафиндер мөлшері;
- 163 °С температурасы кезінде қыздырғаннан кейін ескіруге төзімділігі (салмағының өзгерісі, бастапқыдан инені сұғу тереңдігі, созылымдылығы, 60 °С кезінде динамикалық тұтқырлықтың өсу коэффициенті);
- табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігі;
- осы стандарттың белгіленуі;
- кепілдік сақтау мерзімі.

7.3 Битум сапасының осы стандарт талаптарына сәйкестігін тексеру үшін қабылдау-тапсыру және мерзімдік сынақтарын жүргізеді.

7.4 Қабылдау-тапсыру сынақтарын дайын битумның әр топтамасы бойынша жүргізеді.

7.4.1 Топтамадан қабылдау-тапсыру сынаулары кезінде ҚР СТ 1288 бойынша бір біріккен сынаманы топтамадан іріктейді және 25 °С температурасы кезінде инені сұғу тереңдігін, сақина және шар бойынша жұмсарту температурасын, 25 °С температурасы кезінде созылымдылығын, Фраас бойынша сынғыштық температурасын, пенетрация индексін анықтайды.

7.4.2 Қанағаттанарлықсыз сынау нәтижелерін алған кезде бір көрсеткіштердің бірі бойынша осы топтамадан алынған қайтадан іріктелген сынамаға қайтадан сынау жүргізеді.

7.5 Битумды мерзімдік сынауларды көрсеткіштерге сәйкестігін жүргізеді:

- қыздырудан кейін жұмсарту температурасының өзгерісі – 10 күнде бір реттен жиі емес;
- ашық отбақырашта тұтану температурасы, 60 °С кезінде динамикалық тұтқырлық, 135 °С кезінде кинематикалық тұтқырлық – айына бір реттен жиі емес;
- ерігіштік, 0 °С температурасы кезінде созылымдылық, парафиндер мөлшері, 163 °С температурасы кезінде қыздырудан кейін ескіруге төзімділік көрсеткіштері (бастапқыдан инені сұғу тереңдігі, созылымдылық, 60 °С кезінде динамикалық тұтқырлықтың өсу коэффициенті) шикізатты және өндірісті ауыстыру кезінде жарты жылда бір реттен жиі емес жүргізіледі;
- тұтану температурасы жылына бір реттен жиі емес.

Мерзімдік сынаулардың қанағаттанарлықсыз нәтижелерін алу кезінде дайындаушы қатарынан битумның үш топтамасына қарағанда кем емес оң нәтижелер алғанға дейін қабылдау-тапсыру санатына осы көрсеткіш бойынша сынауды ауыстырады.

7.6 Битумдағы табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігін қолданылатын шикізатта құралатын табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігін максималды шамасы бойынша қабылдайды. Бұл деректер сапа туралы құжатта жеткізуші кәсіпорынды көрсетеді. Табиғи радионуклидтер мөлшері туралы деректер болмаған жағдайда дайындаушы мамандандырылған зертхана күшімен ГОСТ 30108 сәйкес материалдарды кіріс бақылауын жүргізеді.

7.7 ГОСТ 12.1.005 сәйкес олардың концентрациясын өлшеу жолымен зиянды заттардың мөлшерін бақылау кезеңділігі – тоқсанына 1 реттен жиі емес

7.8 Атмосфералық ауадағы, топырақтағы, жер үсті және жер асты суларындағы ластаушы заттардың нақты мөлшерінің деңгейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық қадағалау органдарымен белгіленген кезеңділікте анықтайды.

7.9 Атмосфералық ауада, топырақта, жер үсті және жер асты суларында ластаушы заттардың мөлшерін нақты деңгейін және жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың

мөлшерін анықтау нәтижелері тұтынушыға және сұраным бойынша басқа мүдделі ұйымдарға ұсынылады.

7.10 Сәйкестігін растау мақсаттарына арналған сынау көрсеткіштері бойынша Техникалық реттеу жүйесінде белгіленген тәртіпте жүргізіледі:

- 25 °С және 0 °С температуралары кезінде инені сұғу тереңдігі;
- сақина мен шар бойынша жұмсарту температурасы;
- 25 °С және 0 °С температуралары кезінде созылымдылығы;
- Фраас бойынша сынғыштық температурасы;
- ашық отбақырашта тұтану температурасы;
- пенетрация индексі;
- 60 °С температурасы кезінде динамикалық тұтқырлық;
- 135 °С температурасы кезінде кинематикалық тұтқырлық;
- ерігіштік;
- 163 °С температурасы кезінде қыздырғаннан кейін ескіруге төзімділігі (салмақ өзгерісі, жұмсарту температурасының өзгерісі);
- табиғи радионуклидтердің тиімді белсенділігі;

8 Сынау әдістері

8.1 Жалпы талаптар

8.1.1 Битумның нүктелік сынамаларын іріктеу және біріктірілген сынаманы дайындау ҚР СТ 1288 сәйкес жүргізеді.

8.1.2 Битумның біріктірілген сынамасының салмағы 1,0 кг кем емес, нүктелік сынамалардың салмағы 0,5 кг кем емес болуға тиіс.

8.1.3 Өлшеу құралдары, сынақ және қосымша жабдық және бақылау және сынау кезінде қолданылатын материалдар:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес келуге тиіс;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесінің тізіліміне енгізілуге, белгіленген тәртіпте салыстырып тексерілуге және (немесе) аттестатталуға тиіс.

8.2 Физикалық-механикалық көрсеткіштерді анықтау әдістері

8.2.1 Битумдарды 1-кестеде көрсетілген стандарттар бойынша сынау әдістеріне сәйкес сынайды.

8.2.2 Пенетрация индексін Б қосымшасының Б.1 кестесі бойынша анықтайды

ЕСКЕРТПЕ 25 °С температурасы кезінде инені сұғу тереңдігінің аралық мәндері кезінде пенетрация индексін интерполяциямен немесе формула бойынша анықтайды:

$$\text{И.П.} = \frac{30}{1+50A} - 10, \qquad (1)$$

мұндағы $A = \frac{2{,}9031 - \log П}{T - 25}$,

$П$ - 25 °С температурасы кезінде инені сұғу тереңдігі, 0,1 мм;

T – жұмсарту температурасы, °С.

A – пенетрация индексін анықтау кезінде температураны ескеретін түзету коэффициенті.

8.2.3 Қыздырудан кейін жұмсарту температурасының өзгерісін ҚР СТ 1224 және ҚР СТ 1552 бойынша ескіруге төзімділігіне битумды сынағанға дейін және кейін ҚР СТ 1227 бойынша анықталған жұмсарту температураларының айырмашылығы ретінде анықтайды.

ЕСКЕРТПЕ Даулы жағдайларда арбитражды нәтиже ҚР СТ 1224 бойынша көрсеткіш мәндері болып табылады

8.2.4 Қыздырудан кейін 60 °С кезінде динамикалық тұтқырлықтың өсу коэффициентін 60 °С кезінде динамикалық тұтқырлықтың бастапқы көрсеткішіне ҚР СТ 1224 немесе 1552 бойынша қыздырғаннан кейін алынған 60 °С кезінде динамикалық тұтқырлық көрсеткішінің қатынасы ретінде анықтайды.

8.3 Зиянды заттардың мөлшерін анықтау әдістері

8.3.1 Жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың мөлшерін ГОСТ 12.1.014 бойынша индикаторлық түтіктердің көмегімен анықтайды.

8.3.2 Атмосфералық ауада, топырақта, жер үсті және жер асты суларында ластаушы заттардың нақты деңгейлерін ГОСТ 17.2.3.01 сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық қадағалау органдары белгілеген тәртіпте бекітілген басқа әдістемелермен анықтайды.

8.4 Табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігін анықтау әдісі

Табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігін ГОСТ 30108 бойынша анықтайды.

8.5 Тұтану температурасын анықтау әдісі

Тұтану температурасын ГОСТ 12.1.044 бойынша анықтайды.

9 Орау, тасымалдау және сақтау

9.1 Битумды орауды, тасымалдауды және сақтауды ГОСТ 1510 бойынша жүзеге асырады.

Тұтынушымен келісім бойынша және жобалық шешімдерге сәйкес термотөзімді полимерлерден жасалған жапсырмалары бар 1000 кг дейін жүк сыйымдылығы бар полипропилен матадан жасалған бір реттік жұмсақ арнайы контейнерлерде жолдық тұтқыр мұнай битумдарын орауға, сақтауға және тасымалдауға жол беріледі. Сондай-ақ 40 кг дейін жүк сыйымдылығы бар термо төзімді полимерлерден жасалған көп қабатты (кем дегенде 3 қабаттан) қапшықтарда жолдық мұнай битумдарды тасымалдауға және сақтауға жол береді.

9.2 Көлік құралдарының артқы немесе бүйірлік бөлігінде битумды тасымалдаған кезде ГОСТ 19433 бойынша 9133 жіктеу шифрына, 9.13 санатына, 9.1 тармақшасына, 9 класқа, ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 бойынша Г 02 «Ашық отты қолдануға және темекі шегуге тыйым салынады» кодына және Д 25 «Абайлаңыз. Ыстық бет» кодына сәйкес келетін қауіптілік белгілері басылады.

9.3 Басқа заттармен және материалдармен бірге тасымалдауды және сақтауды ГОСТ 12.1.004 сәйкес жүзеге асырады.

10 Дайындаушының кепілдіктері

10.1 Дайындаушы битум сапасының тасымалдау, сақтау және қолдану шарттарын сақтау кезінде осы стандарттың талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді.

10.2 Битумды салқын жағдайда сақтаудың кепілдік мерзімі – дайындағаннан күннен бастап бір жыл.

А қосымшасы
(*ақпараттық*)

Битумдарды қолданудың ұсынылған салалары

А.1 кестесі

Жол-климаттық аймақ	Қолдану өңірінің өте салқын жыл мезгілінің орташа айлық температурасы, °С	Битум маркасы
III	-10-нан -30 дейін	БНД 70/100, БНД 100/130, БНД 130/200
III, IV	-5-тен -20 дейін	БНД 50/70, БНД 70/100, БНД 100/130,
IV и V	-5 төмен емес	БНД 35/50, БНД 50/70, БНД 70/100

Б қосымшасы
(міндетті)
Битум пенетрациясы индексін анықтау кестесі

Б.1 кестесі

Жұмсарту температурасы, °С	25 °С температурасы кезінде ине сұғу терендігі кезінде пенетрация индексі																	
	300	295	290	285	280	275	270	265	260	255	250	245	240	235	230	225	220	215
32	-2,6	-2,7	-2,8	-2,9	-3,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
33	-1,8	-1,9	-2,0	-2,1	-2,2	-2,3	-2,4	-2,5	-2,6	-2,7	-2,8	-2,9	-3,0	-	-	-	-	-
34	-1,1	-1,2	-1,3	-1,4	-1,5	-1,6	-1,7	-1,8	-1,9	-2,0	-2,1	-2,2	-2,3	-2,4	-2,5	-2,6	-2,7	-2,8
35	-0,4	-0,5	-0,6	-0,7	-0,8	-1,0	-1,1	-1,2	-1,3	-1,4	-1,5	-1,6	-1,7	-1,8	-1,9	-2,0	-2,1	-2,2
36	+0,2	+0,1	0,0	-0,1	-0,2	-0,3	-0,4	-0,6	-0,7	-0,8	-0,9	-1,0	-1,1	-1,2	-1,3	-1,4	-1,5	-1,6
37	+0,8	+0,7	+0,6	+0,5	+0,3	+0,2	+0,1	0,0	-0,1	-0,2	-0,3	-0,4	-0,6	-0,7	-0,8	-0,9	-1,0	-1,1
38	+1,4	+1,2	+1,1	+1,0	+0,9	+0,8	+0,6	+0,5	+0,4	+0,3	+0,2	+0,1	0,0	-0,2	-0,3	-0,4	-0,5	-0,6
39	+2,0	+1,8	+1,7	+1,5	+1,4	+1,3	+1,2	+1,1	+0,9	+0,8	+0,7	+0,6	+0,5	+0,3	+0,2	+0,1	0,0	-0,1
40	+2,4	+2,3	+2,2	+2,1	+1,9	+1,8	+1,7	+1,5	+1,4	+1,3	+1,2	+1,1	+1,0	+0,8	+0,7	+0,6	+0,5	+0,3
41	+2,9	+2,8	+2,6	+2,5	+2,4	+2,3	+2,2	+2,0	+1,9	+1,8	+1,6	+1,5	+1,4	+1,3	+1,2	+1,0	+0,9	+0,8
42	-	-	-	+2,9	+2,8	+2,7	+2,6	+2,5	+2,3	+2,2	+2,1	+2,0	+1,8	+1,7	+1,6	+1,5	+1,3	+1,2
43	-	-	-	-	-	-	-	+2,9	+2,7	+2,6	+2,5	+2,4	+2,3	+2,1	+2,0	+1,9	+1,7	+1,6
44	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+2,9	+2,8	+2,6	+2,5	+2,4	+2,2	+2,1	+2,0
45	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+2,9	+2,8	+2,6	+2,5	+2,4
46	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+2,8	+2,7

Б.1 кестесі *(жалғасы)*

Жұмсарту температурасы °С	25 °С температурасы кезінде инені сұғу терендігі кезінде пенетрация индексі																	
	210	205	200	195	190	185	180	175	170	165	160	155	150	145	140	135	130	125
35	-2,3	-2,4	-2,5	-2,6	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
36	-1,8	-1,9	-2,0	-2,1	-2,2	-2,3	-2,4	-2,5	-2,6	-	-	-	-	-	-	-	-	-
37	-1,2	-1,3	-1,4	-1,5	-1,7	-1,8	-1,9	-2,0	-2,1	-2,2	-2,3	-2,4	-	-	-	-	-	-
38	-0,7	-0,8	-1,0	-1,1	-1,2	-1,3	-1,4	-1,5	-1,6	-1,7	-1,9	-2,0	-2,1	-2,2	-2,3	-2,4	-	-
39	-0,2	-0,4	-0,5	-0,6	-0,7	-0,8	-0,9	-1,1	-1,2	-1,3	-1,4	-1,5	-1,7	-1,8	-1,9	-2,0	-2,1	-2,3
40	+0,2	+0,1	0,0	-0,1	-0,3	-0,4	-0,5	-0,6	-0,7	-0,9	-1,0	-1,1	-1,2	-1,4	-1,5	-1,6	-1,7	-1,9
41	+0,6	+0,5	+0,4	+0,3	+0,2	0,0	-0,1	-0,2	-0,3	-0,4	-0,6	-0,7	-0,8	-1,0	-1,1	-1,2	-1,3	-1,5
42	+1,1	+0,9	+0,8	+0,7	+0,6	+0,5	+0,3	+0,2	+0,1	-0,1	-0,2	-0,3	-0,4	-0,6	-0,7	-0,8	-1,0	-1,1
43	+1,5	+1,4	+1,2	+1,1	+1,0	+0,8	+0,7	+0,6	+0,5	+0,3	+0,2	+0,1	-0,1	-0,2	-0,3	-0,5	-0,6	-0,7
44	+1,9	+1,7	+1,6	+1,5	+1,4	+1,2	+1,1	+0,9	+0,8	+0,7	+0,6	+0,4	+0,3	+0,2	0,0	-1,0	-0,3	-0,4
45	+2,3	+2,1	+2,0	+1,9	+1,7	+1,6	+1,5	+1,3	+1,2	+1,1	+0,9	+0,8	+0,6	+0,5	+0,4	+0,2	+0,1	-0,1
46	+2,6	+2,5	+2,4	+2,2	+2,1	+2,0	+1,8	+1,7	+1,5	+1,4	+1,2	+1,1	+1,0	+0,8	+0,7	+0,6	+0,4	+0,3
47	-	+2,8	+2,7	+2,6	+2,4	+2,3	+2,2	+2,0	+1,9	+1,7	+1,6	+1,5	+1,3	+1,2	+1,0	+0,9	+0,8	+1,6
48	-	-	-	-	+2,7	+2,6	+2,5	+2,3	+2,2	+2,0	+1,9	+1,8	+1,6	+1,5	+1,3	+1,2	+1,0	+0,9
49	-	-	-	-	-	-	+2,8	+2,6	+2,5	+2,3	+2,2	+2,0	+1,9	+1,8	+1,6	+1,5	+1,3	+1,2
50	-	-	-	-	-	-	-	-	+2,8	+2,7	+2,5	+2,3	+2,2	+2,1	+2,0	+1,8	+1,6	+1,5
51	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+2,8	+2,7	+2,5	+2,3	+2,2	+2,1	+1,9	+1,8
52	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+2,7	+2,5	+2,4	+2,2	+2,1

Б.1 кестесі *(жалғасы)*

Жұмсарту температурасы, °С	25 °С температурасы кезінде инені сұғу терендігі кезінде пенетрация индексі																
	120	115	110	105	100	95	90	85	80	75	70	65	60	55	50	45	40
39	-2,4	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
40	-2,0	-2,1	-2,2	-2,4	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
41	-1,6	-1,7	-1,8	-2,0	-2,1	-2,3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
42	-1,2	-1,4	-1,5	-1,6	-1,8	-1,9	-2,1	-2,2	-	-	-	-	-	-	-	-	-
43	-0,9	-1,0	-1,1	-1,3	-1,4	-1,6	-1,7	-1,9	-2,1	-2,2	-	-	-	-	-	-	-
44	-0,5	-0,7	-0,8	-1,0	-1,1	-1,3	-1,4	-1,6	-1,7	-1,9	-2,1	-	-	-	-	-	-
45	-0,2	-0,3	-0,4	-0,6	-0,8	-1,0	-1,1	-1,2	-1,4	-1,6	-1,8	-2,0	-2,1	-	-	-	-
46	+0,1	0,0	-0,1	-0,3	-0,5	-0,6	-0,8	-1,0	-1,1	-1,3	-1,5	-1,7	-1,8	-2,0	-	-	-
47	+0,5	+0,3	+0,2	0,0	-0,2	-0,3	-0,5	-0,6	-0,8	-1,0	-1,2	-1,4	-1,6	-1,8	-2,0	-	-
48	+0,8	+0,6	+0,5	+0,3	+0,1	0,0	-0,2	-0,4	-0,5	-0,7	-0,9	-1,1	-1,3	-1,5	-1,7	-1,9	-
49	+1,0	+0,9	+0,8	+0,6	+0,4	+0,2	0,0	-0,1	-0,3	-0,4	-0,6	-0,8	-1,0	-1,2	-1,4	-1,7	-1,9
50	+1,3	+1,2	+1,1	+0,9	+0,7	+0,5	+0,3	+0,2	0,0	-0,2	-0,4	-0,6	-0,8	-1,0	-1,2	-1,4	-1,7
51	+1,7	+1,5	+1,4	+1,1	+1,0	+0,8	+0,6	+0,5	+0,3	+0,1	-0,1	-0,3	-0,5	-0,7	-0,9	-1,2	-1,4
52	+1,9	+1,7	+1,6	+1,4	+1,2	+1,0	+0,9	+0,7	+0,5	+0,3	+0,1	-0,1	-0,2	-0,5	-0,7	-1,0	-1,2
53	-	-	-	+1,7	+1,5	+1,3	+1,2	+1,0	+0,8	+0,6	+0,4	+0,2	0,0	-0,3	-0,5	-0,7	-0,9
54	-	-	-	-	-	+1,5	+1,4	+1,2	+1,0	+0,8	+0,6	+0,4	+0,2	0,0	-0,2	-0,5	-0,7
55	-	-	-	-	-	-	-	+1,5	+1,2	+1,1	+0,9	+0,6	+0,4	+0,2	0,0	-0,3	-0,5
56	-	-	-	-	-	-	-	-	+1,5	+1,3	+1,1	+0,9	+0,7	+0,4	+0,2	-0,1	-0,3
57	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+1,5	+1,3	+1,1	+0,9	+0,6	+0,4	+0,2	-0,1
58	-	-	~	-	-	-	-	-	-	-	-	+1,3	+1,1	+0,9	+0,6	+0,4	+0,1
59	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+1,5	+1,3	+1,1	+0,8	+0,6	+0,3
60	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+1,7	+1,5	+1,3	+1,0	+0,8	+0,5

В қосымшасы
(*міндетті*)

Табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігі

В.1 кестесі

Құрылыс материалдарының класы	Радионуклидтердің тиімді үлестік белсенділігі ($А_{эфф}$), Бк/кг, артық емес	Қолдану саласы
II	740	Перспективалық құрылыс аймақтары мен елді мекендер аймағы шегіндегі жол құрылысында қолданылатын материалдар үшін
III	1500	Елді мекендерден тыс жол құрылысында қолданылатын материалдар үшін

Г қосымшасы
(*міндетті*)

Зиянды заттардың шектік рұқсат етілген концентрациялары

Г.1 кестесі

Зат атауы	ШРК шамасы, мг/м^3			ӘШҚД, мг/м^3 [10]	Қауіптілік класы ГОСТ 12.1.007 [10]
	Жұмыс аймағы ауасындағы (ГОСТ 12.1.005)	Елді мекендердегі атмосфералық ауада [10]			
		Орташа тәуліктік (о.т)	Максималды бір рет (м.р).		
Азот диоксиді	2	0,04	0,2	-	II
Бенз(а)пирен	0,00015	0,1мкг/100 м^3	–	–	I
Минерал мұнай майы	5	–	–	0,05	–
Күкірт диоксиді	0,1	0,125	-	–	III
$C_1 - C_{19}$ шектік көміртектер (С қайта есептеуде)	300	–	1,0	–	IV
Толуол	50	0,6	-	-	III
Фенол	0,3	0,003	0,01	-	II
Көміртегі оксиді	20	3,0	5,0	–	IV

Библиография

[1] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы №227 қаулысымен бекітілген «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[2] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы №803 қаулысымен бекітілген «Өндірістік нысандардағы қауіпсіздік сигнал түстерге, таңбаларға және белгілерге қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[3] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы №3131 қаулысымен бекітілген «Жол-құрылыс материалдарына қойылатын қауіпсіздік талаптары» техникалық регламенті.

[4] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

[5] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы №16 қаулысымен бекітілген «Нысандарды қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

[6] ГН Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар (2012 ж 03.02 №201 бұйрығы).

[7] «Өндірістік нысандардың санитарлық-қорғау аймақтарын белгілеу жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесі. Қазақстан республикасы Үкіметінің 2012 ж. 17.01 №93 қаулысымен бекітілген.

[8] Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі.

[9] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.01 №168 қаулысымен бекітілген « қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға, топыраққа және олардың қауіпсіздігіне, қалалық және ауылдық елді мекендерінің аумағын ұстауға, адамға әсер көрсететін физикалық факторлар көздері бар жұмыс шарттарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесі.

[10] ҚР ЕҰ 218–21–02 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен бекітілген Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарының құрылысы, жөндеуі және ұстауы кезіндегі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулық.

[11] ҚР ҚНжЕ 1.03–05–2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

[12] ҚР ЕҰ 218–11–97 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитетімен бекітілген автомобиль жолдарының құрылысы және пайдалану кезіндегі еңбекті қорғау жөніндегі ереже.

ӘОЖ 665. 637.8 МСЖ 75.140 КПВЭД 19.20.42

Түйін сөздер: тұтқыр жол мұнай битумдары, кинематикалық тұтқырлық, динамикалық, ерігіштік, Фраасу бойынша сынғыштық температурасы, мұнай өнімдері



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Битумы и битумные вяжущие

БИТУМЫ НЕФТЯНЫЕ ДОРОЖНЫЕ ВЯЗКИЕ

Технические условия

СТ РК 1373-2013

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Акционерным обществом «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт» (АО «КаздорНИИ») и Техническим Комитетом по стандартизации ТК 42 «Автомобильные дороги»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 12 декабря 2013 года №556-од.

3 В настоящем стандарте реализованы нормы Законов Республики Казахстан:

«Об автомобильных дорогах» от 17.07.2001 №245-II, «О техническом регулировании» от 9.11.2004 № 603-II,

Технических регламентов Республики Казахстан:

«Требования к безопасности при эксплуатации автомобильных дорог» от 27.03.2008 года № 294, «Требования к безопасности при проектировании автомобильных дорог» от 31.03.2008 года № 307, «Требования к безопасности дорожно-строительных материалов» от 31.12.2008 года № 1331

Технического регламента Таможенного союза:

- ТР ТС 014/2011 «Безопасность автомобильных дорог» от 18.10.2011 года № 827.

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2019 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ РК 1373-2005 Битумы и битумные вяжущие. Битумы нефтяные дорожные вязкие. Технические условия

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации Республики Казахстан», а текст изменений- в ежемесячных информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Национальные стандарты»

